

САЛЫСТЫРМАЛЫ ҚҰҚЫҚТАНУДЫҢ ФУНКЦИЯЛАРЫ

САЛЫСТЫРМАЛЫ ҚҰҚЫҚТАНУДЫҢ ФУНКЦИЯЛАРЫ

- ◎ 1 ғылыми функциясы
- ◎ 2 білім беру функциясы
- ◎ 3 практикалық функция
- ◎ 4 құқықтың халықаралық унификациясы

1. САЛЫСТЫРМАЛЫ ҚҰҚЫҚТАНУДЫҢ ҒЫЛЫМИ ФУНКЦИЯСЫ

◎ Бүгінгі күні ғалымдардың басым көпшілігі құқықтың жалпы теориясын қарастырған кезде оның шеңберіндегі мәселелер тобын бөліп шығарады. Құқық теориясы осы тұрғыда мынадай ғылыми бағыттардан құралады:

- Құқық философиясы
- Құқық теориясы

- Құқық социологиясы
- Құқық психологиясы

- Салыстырмалы құқықтану
- және т.б.

- Рене Давид құқық философиясы үшін, салыстырмалы құқықтың маңызы туралы былай дейді:

”философия универсализмді қажет етеді, ал салыстырмалы құқықтану соған ықпал етеді”

- ◎ **Құқық социологиясы** мен салыстырмалы құқықтану құқықтық зерттеулердің бағыты ретінде көп түйісетін нүктелері бар

Салыстырмалы
құқықтанудың
социологиялық
бағытталуы 2
нәтижеге алып

келеді

Салыстырмалы әдіс
құралдары арқылы
зерттеу пәні
барынша
кеңейтіледі

Зерттеу бағыты
өзгереді:
салыстыру заңмен
тоқталмай, сот
практикасын,
заңның қолданылу
аясын қамтиды

- ◎ **Құқық теориясында** құқық құрылымы мен заңдылықтарын анықтауға бағытталған, осыған сәйкес қолданыстағы құқық теориялық өңделуден өтеді.

- ◎ Оның шеңберінде кодификация, құқықшығармашылық, құқықты қолдану, құқықты талқылау, құқықтық қатынастар, заңды жауапкершіліктің жалпы анализі жатады.

- ◎ **Мемлекет және құқық теориясы** оқулықтарында РОМАНО-ГЕРМАНДЫҚ, АНГЛО-САКСОНДЫҚ, МҰСЫЛМАНДЫҚ ОТБАСЫЛАР тек 90-шы жылдары қарастырыла бастады.
- ◎ Ал салыстырмалы құқықтану негізгі құқықтық жүйелерге сипаттама береді, әлемнің құқықтық картасында олардың орны мен маңызын анықтайды, әртүрлі құқықтық жүйелердегі әлеуметтік мәселелерді шешу жолдарын қарастырады, құқықтық жүйелердің арақатынасын зерттей келе шетел құқықтық материалдарын қолданады.

- **Құқық тарихы** құқықтық құбылыстардың бастауын, яғни дәуірлермен байланысты құқықтың даму кезеңдерін, құқықтың даму эволюциясы мен оның қазіргі жағдайын, құқықтың даму үрдісінде құқықтық құбылыстардың сабақтастығын зерттейді.
- Тарихи-құқықтық зерттеулерде салыстырмалы әдіс екі нысанда қолданылады:
- 1. Рим құқығы басқа ежелгі мемлекеттер құқығымен
- 2. Әртүрлі уақытта бірнеше объектілерді зерттеу.
- Ал құқықты тарихи-құқықтық зерттеу құқықтың дамуына маңызды.

- Халықаралық жария құқықтың маңызы қазіргі интеграциялық үрдіс пен дамуда үлесі зор.
- Оның әдістемесінде салыстырмалы әдіс маңызды орын алады, керісінше салыстырмалы құқықтану үшін халықаралық құқықтық проблематика аса маңызды.
- Халықаралық құқықта салыстырмалы әдіс құқықтық нормаларды унификациялаған кезде халықаралық және мемлекетішіндік құқықтық жүйенің өзарабайланысын зерттеуде қолданылады.

2. САЛЫСТЫРМАЛЫ ҚҰҚЫҚТАНУДЫҢ БІЛІМ БЕРУ ФУНКЦИЯСЫ

- Францияда әртүрлі салалар бойынша салыстырмалы құқықтанудың кафедралары құрылды. Бірақ шетел құқықтық жүйелерінен француз моделіне негізделгендері ғана қарастырылды. Содан бері барлығы өзгерді: көптеген елдерде шетел құқықтық жүйелері мен салыстырмалы құқықтану оқытылады.
- Францияда қазіргі кездегі негізгі құқықтық жүйелерін оқыту барлық заң факультеттерінде міндетті болып табылады.

- Бірегей халықаралық оқу орны 1958 жылы танымал испан компаративисті Ф. де Сола Канитарес бастамасымен құрылған салыстырмалы құқықтың халықаралық факультеті болып табылады. Факультет Европа, Америка және Азия елдерінде сессиялар ұйымдастырады.
- Оқу үрдісі халықаралық факультетте 3 циклден тұрады:

•1

- Әлемнің әртүрлі елдерінен келген жоғары заң білімі бар жас заңгерлерді ұлттық құқықтық жүйелердің негіздерімен таныстырады

•2

- Әртүрлі институттар шарттар, акционерлік қоғамдар лауазымды тұлғалардың жауапкершілігі оқытылады

•3

- Басымдық қазіргі заманның арнаулы құқықтық мәселелерін оқытуға арналған

- Еуропалық Одақ құрылғаннан кейін әртүрлі ұлттық және халықаралық факультеттер, институттар және орталықтар еуропалық құқықтың оқытылуын ұйымдастырды.
- Американдық, француздық, ағылшын институттары, факультеттер мен кафедраларының оқу бағдарламалары салыстырмалы құқықтану мазмұны жағынан да оқу орындарының ұйымдастырушылық жағынан да әртүрлі болатындығын растайды. Соған сәйкес мақсаттары мен міндеттерін түсіну әртүрлі болады.

Францияда Рене Давидтің “Основные правовые системы современности” кітабына сәйкес салыстырмалы құқықтану оқу курсы ретінде айқын және ерекше көрініс тапты.

Оқу курсының құрылымы:

Салыстырмалы құқықтану теориясына кіріспе: пәні, мақсаттары, міндеттері, тарихы

Қазіргі кездегі құқықтық жүйелердің құқықтық отбасыларға жіктелінуі

Негізгі құқықтық отбасылар: романо германдық, англо саксондық, социалистік, діни дәстүрлі (мұсылмандық, үнді, қиыршығыстық)

Құқық унификациясының мәселелері

К.Осакве оқу курсы бойынша

Жалпы бөлім	Ерекше бөлім
<p>салыстырмалы құқықтану ғылымының тарихи дамуы,</p> <p>салыстырмалы құқықтанудың табиғаты,</p> <p>құқықтық жүйелердің жіктеліну мәселелері,</p> <p>салыстырмалы құқықтық мәдениет,</p> <p>Ұлттық құқық пен халықаралық ұйымдар құқықығының симбиозы, яғни ұлттық құқықтық жүйенің унификациясы механизмін қарастыру ұсынады</p>	<p>Салалық компаративистика - салыстырмалы жеке құқық (салыстырмалы азаматтық құқық, салыстырмалы отбасы құқығы)</p> <p>салыстырмалы жария құқық (салыстырмалы конституциялық құқық, салыстырмалы қылмыстық құқық)</p> <p>Салыстырмалы іс жүргізу құқығы (салыстырмалы азаматтық не қылмыстық іс жүргізу)</p>

3. САЛЫСТЫРМАЛЫ ҚҰҚЫҚТАНУДЫҢ ПРАКТИКАЛЫҚ ФУНКЦИЯСЫ

- Салыстырмалы құқықтану ұлттық құқықты жетілдірудің құралы. 1869 жылы салыстырмалы құқықтанудың француздық қоғамы, сондай ақ салыстырмалы заңнама кафедрасын құрғандардың ең басты мақсаты - әртүрлі елдерде қабылданған жаңа кодекстерді бірінші кезекте зерттеу және салыстыру болып табылды.
- Салыстырмалы құқықтық зерттеулер қазіргі заманғы құқықтың әртүрлі салалары заңнаманың ірі кодификациясын және реформаларын дайындауда маңызды роль ойнайды.

- Салыстырмалы құқықтың мәліметтерін қолдану:
- Бір жағынан, ұқсас мәселелерді шешуде өз міндеттерінің ақталуына;
- Екінші жағынан, шетелдік тәжірибенің негативті жақтарын ескеруге мүмкіндік береді.
- салыстырмалы құқықтық мәліметтерді пайдалану көлемі ғылыми ұйымдар, университеттер, жеке ғалымдарға байланысты, қызығушылықтары артқан кезде жоғарылайды. Олардың туындылары әртүрлі жолдармен бізге белгілі: ғылыми анықтамалар, қорытындылар, сараптамалар болып табылады.

- Австралиялық заңгерғалым Л.Сертома салыстырмалы құқықтық материалдарды қолдануда заңнамашы не зерттеуші кездестіретін қиындықтарды төрт топқа бөлді:
 1. Формальды материалдарды жинақтау мен іздеу және тілдік қиындықтар;
 2. Психологиялық орын алған шектеулер;
 3. Прагматикалық дайын қорытындылар мен модельдерді алудағы қиындықтар;
 4. Білімділік, яғни заңшығармашылық үрдіске қатысушы тұлғалардың жеткіліксіз дайындығы мен біліктілігі.
- Осы жіктеуге танымал неміс компаративист У. Дробниг уақыт факторын қосады.

4. ҚҰҚЫҚТЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ УНИФИКАЦИЯСЫ

- Салыстырмалы құқықтану құқықтың халықаралық унификациясы мен гармонизация үрдісінде маңызды роль атқарады. Швейцариялық заңгер К.Х. Эберт салыстырмалы құқықтанудың мақсаты - халықаралық деңгейдегі құқықтың унификациясы деп есептейді. Оның ойынша, адамзаттың одан әрі өмір сүруіне ықпал тигізетін әлемдік қауымдастықтың саяси және экономикалық интеграциясына, құқықтық интеграцияны қосу қажет деп санайды.

- Халықаралық құқықтың унификациясы салыстырмалы құқықтану проблемаларының бірі. XIX ғ. II жартысында алғашқы унификаторлық бастаулар орын алды. Алғашқылардың бірі болып Леон Леви Ұлыбританияның сауда құқығын 50 елдің романдық жүйелерімен, кодекстерімен және заңдарымен салыстыру мүмкіндігін жасады. Ол бірінші болып салыстырмалы зерттеулер мен құқық унификациясындағы байланысты көрсетті.
- 1865 жылы сауда құқығы бойынша конгресс теңіз құқығының бірқатар бөлімдерін унификациялау мүмкіндігін зерттеді. Бернде 1886 жылы авторлық құқық туралы конвенциялар қабылданды, 1890 жылы жүктердің теміржол тсымалы туралы, Брюссельде 1910 жылы теңіз құқығы бойынша конвенция.

Унификацияны құрайтын объективті факторлар:

1. Халықаралық сауда саласында кепілдіктермен қамтамасыз ету;
2. Біркелкі актілердің көмегімен қиындықтардан шығу.

Унификацияның түрлері:

Ұлттық. Бір елдің шеңберінде бірнеше құқықтық тәртіптерді салыстыру. Бұл әрине федеративті мемлекеттерге тән.

Халықаралық унификацияның маңызы жоғары, оны тәуелсіз мемлекеттер жүзеге асырады және алдын ала ойласқан не жоспарланған, мемлекеттердің қалауымен не кенеттен болуы мүмкін.

Унификация біркелкілікке, бір нысанға не жүйеге келтіру.

Унификация үш түрлі негізгі тәсілдермен жүзеге асырылады:

Біркелкі заңнан тұратын
Конвенция жасау арқылы

- Мұндай конвенцияға қол қойған мемлекеттерді ұлттық заңнама нормаларын конвенцияға сәйкестендіруін міндеттейді

Бірлесіп құқықтық
нормаларды жасау
жолымен

- Осы нормалардың жасалуына қатысқан елдердің ұлттық құқығына инкорпорацияланады

Қандай да бір ресми
немесе жеке ұйыммен
үлгілік не заң моделін
дайындау арқылы әртүрлі
елдердің
заңшығарушыларына
ұсынылады

- Бұл заңды толықтай, бөлшектеп немесе модификацияланған түрде қабылдауы мүмкін

Қатысушылардың қамтылуы бойынша

екіжақты не көпжақты

болып бөлінеді.

Аймақтық және әмбебап түрлері бар.

Аймақтық унификация бірнеше көршілес елдерді қамтиды.

Әмбебап унификация әртүрлі елдерді қамтиды, олар әртүрлі елдерге жатуы мүмкін.

- Құқық гармонизациясы әртүрлі мемлекеттердің құқығын жақындастыруға бағытталған (айырмашылықтарын алып тастау не азайту) үрдіс.
- Гармонизацияның унификациядан басты айырмашылығы осы үрдісте қабылданған халықаралық шарттардың халықаралық құқықтық міндеттемелерінің болмауы.
- Гармонизация тәсілдерінің бірі біржақты және бір мемлекеттің екінші мемлекеттен құқықтың ірі массивтерін алу.
- Тарихтан белгілі, ірі көлемді Еуропа елдерімен Рим құқығының рецепциясы континентальды құқықтың бірыңғай қалыптасуына алып келді. Сондай ақ Наполеон Кодексі Бельгияда енгізілді, Кеңес Одағы кезінде Монғолия Ресейдің АҚ үлгі етіп алды.

- Салыстырмалы құқықтанудың функциялары бұл оның теориялық және практикалық тағайындалуының бағыттары.
- Онтологиялық - мемлекеттік құқықтық құбылыстарды табу;
- Эвристикалық - құқықтық жүйелердің пайда болу, даму заңдылықтарын табу;
- Болжамдық - болашаққа көзқарас. Белгілі бір елдердің мемлекет және құқығының одан әрі дамуын болжау.
- Методологиялық - түсінік беру аппаратын қалыптастырудан, әмбебеп заң тілін құраудан, жіктеуде біркелкілікті қамтамасыз ететін және заң ғылымының әртүрлі салаларын мамандармен бағалануынан тұрады.